


9 «А» класс оқушысы Капашова Тоғжан кішкене сәбиі болса да, отбасында қысқы демалыс уақытында көркем әдеби кітаптар оқып, кітаптан көптеген мағлұматтар алғаны туралы өз ойымен бөлісті.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, оқырмандардың құзіреттілігін дамытып, көркем шығармаларды жаңғырту мақсатында, кітапхана апталығында 2024 жылдың 29 қантар күні «Кітаптар әлемі» атты көрме үйымдастырылып, мектеп оқушылары жаңа көркем әдеби кітаптармен таныстырылды.

Мақсаты - жаңа көркем әдеби кітаппен таныстыру, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын дамыту, оқу белсенділігі мен оқу сапасын арттыру.

Оқушылар жаңа көркем әдеби кітаптармен М.Мақатаевтың, І.Есенберлиннің, Ү.Алтынсариннің шығармаларымен таныстырылып, көптеген мағлұматтар алды. Кітап адам өміріндегі ең қажетті құндылық. «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» деп ойшыл ақын Абай Құнанбаев айтып кеткендей, түйсігі бар әрбір адамдар үшін ғылым мен білімнің қайнар көзі кітапта екенін ұғамыз.

